

Хаттама № 2

№ 26 С.Датов атындағы орта мектебінде 2020 жылдың 12 мамыр күні Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс жиналысы өтті.

Қатысқан: Мектеп әкімшілігі

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары туралы, Бесіктідегі «Тұлпар» лагеріне, және Қазақстанның қалаларына жіберілетін оқушыларды анықтау, мектеп жанынан ашылатын «Өркен» жазғы сауықтыру лагеріне мектеп оқушыларын қабылдау.

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңестің төрайымы Муканова Анар сөз алып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы № 255 қаулысының қосымша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысы бойынша мектебімізде әлеуметтік көмек алып отырған оқушылардың ішінен сыртқы және мектепшілік лагерьге қабылдау керек екендігін атап өтті.

Сөйлеушілер:



1. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Сапашева Лаззат мектебімізде жоғарыда айтылған талаптарға сай балалардың көп екендігін соның ішінде «Жусан» бағдарламасы арқылы келген төрт оқушы бар екенін, соларды ортаға тарту мақсатында басқа қалаға лагерьге жіберу керек деп ұсыныс айтты.

2. Әлеуметтік педагог Иманчиева Лунара оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаттары жинақталып, жиналған мәліметтер сараптамадан өткізілді. Қазіргі кезде көп балалы, жартылай жетім, толық емес отбасы, қорғаншылықтағы балалар жинақталған құжаттар бойынша 227 бала әлеуметтік көмек алуда. Олардың ата-анасынан айырылған, қамқорлықтағы балалар - 4 оқушы, көп балалар саны - 185, жартылай жетім - 16, толық емес отбасы балалары - 25. Және де «Жусан» бағдарламасы арқылы келген 4 оқушымыз бар. Осы құжаты жинақталған оқушыларды ескере отырып, бастауыш сынып оқушыларын мектепшілік жазғы «Өркен» лагеріне қатыстыруды және сұраныс бойынша 4 оқушыны басқа қалаға сауықтыру лагеріне жіберу керек. Ақтөбе қаласындағы «Восток» лагеріне Нұғман Ислам, Нұғман Ибрахим, Рафик Іңкәр, Марат Саида. Осы оқушыларды ұсынып отырмын.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мүшелері және мектеп әкімшілігі әлеуметтік педагог Иманчиева Лунараның ұсынысын талапқа сай шешім деп қабылдап, бір ауыздан Нұғман Ислам, Нұғман Ибрахим, Рафик Іңкәр, Марат Саида «Восток» лагеріне қатыстыруға қолдау көрсетті.

Шешім:

1. Нұғман Ислам, Нұғман Ибрахим, Рафик Іңкәр, Марат Саида «Восток» лагеріне қатыстыруға рұқсат етілсін.
2. Мектепшілік «Өркен» лагеріне 64 қаулыға сәйкес оқушылардың тізімі жасақталып, құжаттары жинақталсын.
3. Мектепшілік және басқа қаладағы лагерьге оқушылардың қатыстырлуы әлеуметтік педагог Л.Иманчиеваға міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  А.Муканова
Хатшысы:  Т.Мұқанова